



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Адам болам десеңіз
Тақырып: Жомарттық пен кеңпейілділік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік: оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділік ұғымдарын мейірімділік қасиеті арқылы түсіндіру; Дамытушылық: оқушыларды айналасындағы адамдарға қайырымды іс жасауға баулу; Тәрбиелік:оқушыларды жомарт , кеңпейіл болуға тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділіктің адам өміріндегі алатын орнын түсіндіру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	Адамдармен сыпайы сөйлесу , өз ойын ашық , батыл айтуға тәрбиелеу
Күтілетін нәтиже:	оқушылардың бойындағы дұрыс әрекет құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету
Бағалау критерийлері:	оқушылардың құндылық бойынша пікірлері бағаланады
Құндылықтарды дарыту:	Дұрыс әрекет құндылығын жарыққа шығару
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Жағымды көңіл-күй орнату , топпен ән айту бөлімдерінде компьютер қолданылады
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка , бейнелеу
Бастапқы білім:	жомарттық , кеңпейілділік ұғымдары туралы түсініктері бар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру:Е.Өтетілеуұлының «Жомарт» әңгімесін мазмұндау және талдау: -Нұрланның кеңпейілділігін қандай іс-әрекетінен білуге болады? -кеңпейілді болудың мәні неде? -жомарт адамды қандай қасиеттерінен тануға болады? -өзіңнің жомарттық көрсеткен кезің болды ма? -қандай қайырымды іс жасадыңдар? -қандай жағдайда кеңпейілділік таныттың?Дәйексөз «Адамның қадірлісі-жомарт кісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу Қарны аш балаларды тамақтандарған адам туралы әңгілеу және талдау:- тамақтанып отырған адам кімдерді көрді? -ол не істеді? -бұл адамның қандай қасиеттерін байқадыңдар? -өздерің осындай жағдайды кездестірдіңдер ме?Не істедіңдер? -сен қандай жомарттық таныттың? -біреудің қайырымды ісі туралы баяндап бере аласың ба? Шығармашылық жұмыс Топтық жұмыс.Тапсырма:жүректің суретін салып , жомарт адамға тән қасиеттерді жазу. Топпен ән айту Біз өмірдің гүліміз әнін бірге орындау.	
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №23 сабаққа 107 беттегі Қ.Толыбаевтың «Менің Отаным» әңгімесін оқып және мазмұндап келу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Әрқашан жомарт , кеңпейілді болайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	